

МРНТИ 18.41.85

Е. Омаров¹

¹Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжі
Қызылорда, Қазақстан

СЫР Өңірінің жыраулық дәстүрі мен күйшілік өнерінің жиналуы мен зерттелуі

Аннотация

Мақаланың мақсаты – ғылымның негізін салған, филологтардың А.Байтұрсынов, Ш.Уәлиханов, Ә. Марғұлан Смирнова, А. Диваев, Б. Кенжебаев, М. Әуезов, А. Қоныратбаев, Н. Е. Dosmuhammedov Исмаилов Сейфуллин С., Ж. Аймауытов, Қ. Жумалиев, Р. Бердибаев, Нұрмағанбетова О., Е. Тұрсынов, С. Қасқабасов, Б. Абилқасымов, С. Теңіз, Тілепов Ж. М. Жармухамедов, М. Бағызбаева, Қыраубаева А ең ежелгі фольклорлық жұмыстарынан бастап бүгінгі күнге дейінгі фольклорлық жұмыстарға сипаттама жасау. Бұл мақаланың зерттеу тақырыбы - қазақтың дәстүрлі өнері. Соның ішінде жанр жыр күй терең тамыры бар екенін көрсетеді Сырдария «жыр Сууа», дәстүрін дамыту, оның ішінде. Бұл құбылыс көптеген ақындар мен олардың ізбасарлары бар Қазақстан, Арал және Қазалы аудандарының өзге аймақтарда кеңінен таралған. Жұмыс оның пашалол атақты ақын Тауышхан алады мектеп Нартай, тарихына тоқталған. мақала авторы болашақта проблема Вувай дәстүрін шешілетін болады деп үміттенеді, ашу мәні толықтығы үшін талап етпейді.

Тірек сөздер: мәдени мұра, Төрткүл Түрік, ілкі бастау генезисі, жыраулық дәстүр феномені, эпикалық жыр бастау.

Е. Омаров¹

¹Қызылординский музыкальный колледж имени Казангапа
Қызылорда, Қазақстан

СБОР И ИССЛЕДОВАНИЕ ЭПИЧЕСКОЙ ТРАДИЦИИ И ИСКУССТВА КЮЯ СЫРДАРЬИНСКОГО РЕГИОНА

Аннотация

Цель данной статьи – представить подробное описание и охватить период от самых ранних фольклорных работ, первыми исследователями которого являются основоположники отечественной науки, филологи – А. Байтұрсынова, Ш. Уәлиханов, А. Марғұлан Н. Смирнова, А. Диваев, Б. Кенжебаев, М. Әуезов, А. Қоныратбаев, Х. Досмухаммедов Е. Исмаилов, С. Сейфуллин, Ж. Аймауытов, К. Жумалиев, Р. Бердибаев, О. Нурмағанбетова, Е. Тұрсынов, С. Қасқабасов, Б. Абилқасымов, Ш. Ыбраев, Ж. Тілепов, М. Жармухамедов, М. Бағызбаева, А. Қыраубаева и др., до настоящего времени. Предмет исследования данной статьи – казахское традиционное искусство. В том числе развитые традиции «Жыр күйя» в Сырдарье, что свидетельствует о том, что жанр жыр күйя имеет глубокие корни. Это явление широко распространено в других регионах Казахстана, в Аральском и Казалинском районах существует много поэтов и их последователей. В работе затрагивается история школы Нартая, которая берет свое начало знаменитого поэта Тайжана. Статья не претендует на полноту раскрытия данной темы, автор выражает надежду, что в дальнейшем проблема малоизученности традиции будет решена.

Ключевые слова: культурное наследие, феномен эпической традиции, казахская традиционная музыка, традиция Торткула.

E. Omarov¹

¹*Kazangap Kyzylorda college of music
Kyzylorda, Kazakhstan*

COLLECTION AND RESEARCH OF EPIC TRADITION AND ART OF KUY OF SYRDARYA REGION

Abstract

The purpose of this article is to provide a detailed description and cover the period from the earliest folklore works, the first researchers of which are the founders of domestic research, philologists A. Baytursynova, Sh. Ualikhanov, A. Margulan, N. Smirnova, A. Divaev, B. Kenzhebaev, M. Auezov, A. Konyratbaev, H. Dosmukhamedov, E. Ismayilov, S. Seifullin, J. Aimautov, K. Zhumaliev, R. Berdibaev, O. Nurmaganbetova, E. Tursynov, S. Kaskabasov, B. Abil-Asasimov, Sh. Ybraev, G. Tlepov, M. Zharmukhamedov, M. Bagyzbayeva, A. Kyraubaeva, etc., up to the present time. The subject of this article is Kazakh traditional art. Including the developed traditions of “Zhyr kuy” in the Syrdarya, which indicates that the genre of *zhyr kuy* has deep roots. This phenomenon is widespread in other regions of Kazakhstan, in the Aral and Kazalinsk districts there are many poets and their followers. The work touches on the history of Nartai school, which takes its origin from the famous poet of Taizhan. The article does not pretend to the fullness of the disclosure of this topic, the author expresses the hope that in the future the problem of inexperience of the tradition will be solved.

Keywords: cultural heritage, the phenomenon of the epic tradition, traditional Kazakh music, Tortkul tradition.

Өнер – адамзат баласының бүгіні мен болашағы, сонау есте жоқ ескі күндердің арасын үзіліссіз байланыстыратын күн мен түннің арақатынасы сияқты мәңгі ажырамас егізі. Сырдың күрең топырағындағы өміршең өнерлердің бірігейі – жыраулық дәстүр мен күйшілік өнер. Өнер саңлақтары өміріне пір тұтқан бұл екі өнердің шежіресі – ықылым замандардың қойнауынан бастау алады. Ғасырлардан дәстүрлі сабақтастық үлгісінде жеткен жыраулық дәстүр, күйшілік өнер Сыр бойында тамырын терең жайған.

Осы кезге дейінгі Сыр өңірінің жыраулық дәстүрі мен күйшілік өнерінің жиналу, зерттеу тарихы жайын сөз еткен еңбектер фольклорлық шығармалардың тұңғыш хатқа түскен мезгілінен бастап осы кезге дейінгі аралықты қамтиды. Ал жыраулық дәстүрмен күйшілік өнер мұраларымыздың жиналуы арнайы сөз болған емес. Осыны ескеріп, біз осы кезге дейінгі музыкалық фольклорды жинау мәселесі, мерзімді баспасөзде, жинақтарда, монографияларда, ғылыми конференцияларда қалай көтерілді деген тұрғыда қарастырамыз.

Біздің қарастырған, жарық көрген жинау ісіне қатысты мақалалар фольклор жинаушыларға асыл қазынаны жинау не үшін қажет, жинауда қандай мақсат көзделетінін айта, бағыт бере білгендігін көреміз. Осы тұрғыда Сыр бойында атадан ара жігін ашпай қалыптасқан жыраулық дәстүрде Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, Т. Қоңырабай фольклор жинауда ересен еңбек атқарған М. Байділдаев, А. Алматыев, Б. Жүсіпов, Т. Еңсегенов, Б. Оспанов т.б. зиялылардың еңбектері жарық көрді.

Күйшілік өнерді кең мағынада түсіну халықтық шығармалардың барлығын рухани дүние деп есептеу осы кезге дейін жарық көрген мақалалардың барлығы көбісінде анық сезіледі. Фольклоршы М. Байділдаев жыраулық дәстүрмен қатар күйшілік мұраны ел үшін, халық мұрасының маңызын жақсы түсініп, оны сақтау қажеттілігіне айрықша көңіл бөледі. Мұраның тозып, жоғалып бара жатқанын қинала, өкіне айтып жинау қажеттілігіне айрықша көңіл бөледі.

Жалпы «Жырау», «Жыршы», «Ақын» атаулары өнертанушылар арасында пікірталас туғызып жүргені аян. Осы даулы пікірге «Жырау» каталог журналында белгілі ғалым Тынысбек Қоңыратбай «Жыраулық өнер жалғастығы» деген мақаласында төрелік шешімін білдіріпті. Жыраулық өнердің сүйенері – дәстүр. Солай болса да бізде әлі күнге «Жырау», «Жыршы», «Ақын» атауларының этимологиясы мен семантикасы ғылыми тұрғыдан анықталып болған жоқ. Бұл төңіректе көптеген ғалымдардың қалам тартқаны

белгілі. Алайда бұл мәселелені ғылыми жүйеге түсті деп айту қиын. Ғалымдарымыз жыр атауының арғы жерде жыр, бергі жерде жырау сөздерімен байланысын айтудан көп ұзап кеткен жоқ. Асылы жырау, жыршы атауларының бір-бірінен пәлендей айырмасы болмауға тиіс. Бүгінгі қазақ ғалымдары ұсынып жүрген жүйе бойынша жырау – үлкен импровизатор, суырып салып айтушы да, жыршы – жаттап алып айтатын кәсіпкер.

Күйшілік өнер мұрасын ел арасынан жинап жариялау қажеттігін дер кезінде көтерген мәдени-тарихи маңызын күй аңыздарының күйшілердің өмір деректерін, күйлерінің ноталарын алғашқы әдістемелік нұсқау ретінде бүгінгі күнде маңызы зор дүние. Сыр күйінің ерекшелігіне мән беріліп, халық әдебиеті нұсқаларын асыл қазына екендігін айтып жинаған жергілікті фольклоршыларымыз А. Сейдімбеков, М. Жарқынбеков, Б. Жүсіпов, Г. Ысқақова, Б. Нұржанов, Т. Тоғжан, Е. Нұрымбетов өз еңбектерінде мәселелерін көтерді.

Аты аталған жергілікті фольклоршыларымыз Сыр жерінде ғұмыр кешкен күйшілердің өмір деректері, күйлерінің шығу аңыз әфсаналары және күйлерінің ноталық үлгілерін жариялауда, алғаш құнды еңбектер деп атауға болады. Өнер зерттеуші Г. Ысқақова Сырдың күйшілік өнерінің ірі өкілдері Әлшекей Бектібайұлы, Құрақтың Досжаны, Исламбек Ысқақұлының этномузикатану ғылым аясында теориялық талдау жасаған және ерекшеліктерін ашқан ғылыми мақалалары жарық көрді.

Сонымен Сыр жерінің музыкалық фольклорын жинау, зерттеу жұмысына елеулі үлес қосқан зиялыларымыздың не үшін жинау қажеттілігін айтып, бағыт бағдар беріп, белгілі бір мәселелердің өткірленгенін айғақтайды. Рухани мұраны жинау жұмысына қоғамдық маңызы зор мәселелерді қарап, музыкалық фольклорды жинау туралы тың ой пікірлер тұшымды тұжырымдар айтылып белгілі бір жүйе қалыптасты.

Сыр бойын қазақ халқы өнердің астанасы ретінде таниды. Расында да, «Сыр елі – жыр елі» дейтін қанатты сөз ретінде айтылатын осынау сөз астарында таризтан сыр шертетін небір Сыр Сүлейлері мен олардың тудырған шығармашылығы, Қорқыт бабадан бастау алған жыраулық дәстүрді зерттеушілердің бай мұралары жатыр.

Әсіресе, Сыр бойында атадан аржігін ашпай қалыптасқан жыраулық дәстүрді зерттеуде Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, Т. Қоңыратбай фольклор жинауда ересен еңбек атқарған. М. Байділдаев, А. Алматов, Б. Жүсіпов, Т. Еңсегенов, Б. Оспановтың еңбегі құнды қазына. [2; 3; 4; 5; 6; 7; 8; 9; 10; 11] Ежелден жасалынған жыр теңізінің кенересін кернеген жыр дәстүрімен қоса, жыраулық өнерді жарқылдап көрінген сүлей жыраулармен жыршы-термешілердің өмірін, өнерін зерттеп, ұрпаққа таныстырып жүрген ғалымдар, өнертанушылар, фольклористер жетістіктері құзар шың.

Атап айтсақ, Ә. Марғұлан Сыр бойында өмір сүрген бүкіл түркі әлеміне ортақ күй атасы Қорқыт Ата туралы жазған «Қорқыт аңыз және ақиқат» деген еңбегінде... Қорқыт дәуірінің ерекшелігі, бұл кезде жұртқа жаңадан жосын шығарып, ұлыс ішінен тақпақшы шешен, билік айтатын қариялар көбейеді. Бұл айтқан тақпақшы шешен, билік айтатын қария сөздері бірыңғай үйсін заманында (III-IV ғ.) болса да, тап осы айтқан VI-X ғасыр арасындағыдай емес еді. Міне, бұл айтқан «шешендік», «би сөз», «жыр сөз» жалпы өнершілік Қорқыт дәуірінен былай қарай ерекше өркендеп, ой-сананың есеюі Қорқыт атымен байланысқандықтан, бұл дәуірді (VI-X) Қорқыт заманы деп атаса болады.

Қорқыттың заманы Орта Азияны араптар жаулап, сауда капиталы Үргенші мен Сыр Дарияның бойына тарай бастаған кез. Араптардың Сырдың бойындағы қалаларға келіп, сауда, дін үгітін жүргізуді VII ғасырдың 50-жылдары. Бұл айтқан араптардың кезінде тарих жүзіне Қорқыт сияқты халық сүйген ұлы жыршының асқарлы бейнесі шығады.

Қорқыттың әңгімесі жай қиялдан шыққан нәрсе емес, бір кездегі қауым тіршілігінде белгілі орын алған атақты адамның бірі. Қай кездегі легендаға айналған адам бейнесін алсақ та, ол бейне бір кездегі тарихи шындықтан туғанына сөз жоқ. Оның ішінде Қорқыттың тарихи адам болғанына ешкім таласпауына тиісті.

Қорқыт VII-X ғасырларда Сыр бойын мекендейтін. Қаңлы ұлысының бір табы – Оғыз руы Қияттардан шыққан. Ол кезде бұрынғы Қаңлылар ені «Қаңлы - Қыпшақ» не

«Оғыз-Қыпшақ» аталып, олардың астанасы Сыр-Дарияның жағасындағы «Жанкент» қаласы болған. Қорқыттың туып өскен қаласы осы Жанкент, қазіргі Қазалының күн шығыс жағында 50-60 күндік жерде. Осы күнге дейін ол жерде тұратын «Қорқыт ата» моласы (кешен) Қорқыттың Жанкент қаласында өсіп, оның VI-X ғасырларда аты шыққан адам екенінің зор дәлелі.

Күншығыс әдебиетіне белгілі болған атақты күйші-музыкант Әбу-Насыр әл-Фараби, Қорқыт тәрізді ол да осы айтқан Жанкентте туып, Отырар (Фараб) қаласында өседі. Сондықтан кейін атақты күйші болған кезінде өзінің лақап атын Фараби не әл-Фараби деп жүргізген. Әбу Насыр әл-фарабидің Қорқыт тәрізді атақты күйші болғаны X ғасырдағы (Византия) жазушыларында белгілі болады. Арап тілінде жазылған кітаптардың айтуынша Фараби 870 жылы туып, 950 жылы сексен жасында өледі. Қорқыт, Әл-Фараби туып өскен Фараб (Отырар) Жанкент қалалары ол кезде Сыр-Дария бойындағы қалалардың ең көріктісі болып, олар жоғарыда айтылғандай Оғыз-Қыпшақ жұртының ол кездегі саяси-мәдени орталығы болған. Бұл қалалар туралы Қытай, арап, парсы жағатай тілдеріндегі тарихи мағлұматтарға қазақтар әлі күнге ұмытпаған. Олардың тарихи дәуірден қалған ескілігі осы күнге тарихи-мәдени зерттеудің белгілі мұрасы болып отыр. Сөйтіп қобызымен ескі дүниені күңіреткен Әбу Насыр әл-Фараби, Қорқыт күйшінің ізін ала шыққан, соның шәкірттерінің бірі болуға тиісті. Арун Рашид заманында әл-Фараби күйшіні Жанкенттен Бағдатқа алдырып, Бағдат халқы Фарабидің сұлу күйін тыңдайды. Бағдатқа барған соң, Фараби арап, грек фәлсафасын үйренеді. Бір кітабында Фарабимен Аристотель шәкірттерінің ішіндегі халыққа ең белгілісі едім, музыка өнеріне маһир (шебер) едім дейді.

Бұған қарағанда, әл-Фараби Қорқыт күйін музыканың ең сұлу түріне жеткізіп, екінші жағынан Аристотельдің поэзия, музыка туралы жазғандарын оқыған, ол кездегі данышпан адамның бірі екенін көрсетеді. Қазіргі Қазақстан жерінде туған генийлердің ішінде, бұл айтқан Қорқыт, әл-Фараби, XII ғасырдағы Дулаттан шыққан тарихшы, Мұхамед-Хайдар, бұлар дүние әдебиетіне белгілі болған данышпан ғалымдар. Міне, бұған қарағанда, VII-X ғасырларда Оғыз-Қыпшақ дәуірі әдебиет, музыка (күй) философия, өнершіліктің өркендеген бір сәулетті кезі болса, Қорқыт, әл-Фараби сияқты генийлер соларды жасаушының ұлы басы деп Әлкей Марғұлан өз зерттеулерінде деректер келтіріпті.

Ә. Қоңыратбаев республикамыздың саяси әлеуметтік өсу-өркендеу жолында көрнекті әдебиет сыншысы, фольклоршы, турколог әрі педагог ретінде елеулі еңбек сіңірді. Әсіресе, әдебиеттің аз зерттелген көне тарихы саласында көрнекті ғалымдардың бірі болып қала бермек. Ә. Қоңыратбаевтың фольклористика саласындағы үлкен бір табысы «Ежелгі түркі тайпалар поэзиясы және қазақ фольклоры» деген тақырыпқа жазған докторлық диссертациясы болған еді. Бұл еңбек өзінің құндылығымен кезінде көптеген ғалымдардың назарына ілігіп, жоғары бағасын алған.

Мұнда ғалым Орта Азия халықтарының бай фольклор мұрасын негізге ала отырып, ежелгі түркі тайпаларының ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетін сақ, ғұн, үйсін, жужан, сәнби, одан бергі жердегі оғыз ұлысы, ноғайлы дәуірімен байланыстырып, Орта Азия Ренессансы жайында тиянақты ғылыми тұжырымдар айта білді. Ғалым қазақ фольклорының тегі мен табиғатын зерттегенде бірыңғай ел, тайпа шеңберінде қалып қоймай, бүкіл Орта Азия, Алтай, Шығыс халықтарының эпосын салыстырып отырады. Осы тұрғыда жазылған «Сақ тайпаларының салт санаты және оның қазақ фольклорына тигізген әсері» деген тарауында көптеген тың тұжырымдар айта білген. Ғалым ежелгі сақ тайпаларының әдебиеті мен мәдениетін зерттей отырып, сол белгілерді қазақ фольклорының табиғатынан іздейді.

Фольклорист – ғалым, жерлесіміз Т. Қоңыратбай қазақ халқының қаһармандық жырларын терең бойлап зерттеген «Эпос және Этнос» деген монографиялық еңбегінде, қазақ эпосының этикалық сипаты алғаш рет арнайы зерттеген. Қаһармандық жырларындағы кісі, ру-тайпа жер-су атауларының этно-жағырапиялық табиғатына терең

бойлай отырып, автор эпикалық дәстүр мен этникалық үрдіс арақатынасынан туындайтын ерекшеліктерді ғылыми-танымдық негізде саралаған. Және де тағы бір айта кететін жайт Қорқыттың тарихи тұлғасы мен этникалық тегіне тоқталған. Қазақ эпосының тарихи дәуірлерге бөліп, әлемдік эпостану ғылымының көптеген ғалымдардың пікірлеріне мысал келтіре отырып, қазақ эпосын басқа эпостардан кем емес екендігін дәлелдеген. Т. Қоңыратбайдың бұдан басқа «Көне мәдениет жазбалары», «Тотынама», «Елім-ай», «Әуелбек Қоңыратбаев – қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуші», «Ертедегі ескерткіштер», «Әуелбек Қоңыратбаев - түркітанушы» атты оқу құралдары, көркем аударма, монографиялық зерттеулер мен фольклор, әдебиет тарихы және өнер мәселелеріне арналған жүзден астам ғылыми мақалалары жарық көрген.

Танымал музыка танушы ғалым А.Құнанбаева «Феномен музыкальной традиции» атты кітабында Сыр бойының жыраулық дәстүріне үлкен баға береді. Осындай ғалымдардың қатарына Тоқболат Еңсегеновті де жатқызуға болады. Өзінің «Сыр бойы ақын-жыраулары» әдеби зерттеуінде ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басы аралығында табиғи дарындылығымен ерекше танылған, ел есінде сақталған Сыр бойы ақын-жырауларының артында қалдырған рухани мұраларын алғаш рет ғылыми негізде жеке алып, жүйелі түрде зерттейді.

Сыр бойының азаматы өнертанушы ғалым, Қорқыт Ата атындағы мемлекеттік университетінің музыка педагогика факультетінің «Дәстүрлі музыкалық өнер» мамандығының кафедра меңгерушісі, белгілі жырау А.Алматов қазақ халқының атадан балаға мирас болып жалғасып келе жатқан дәстүрлі жыраулық өнеріміздің зерттеліп, насихатталуына еңбегі орасан зор.

Қазірде Қазақстанның кейбір аймақтарында сақталған музыкалық қазынамыздың ұлттық өнерімізге қатысы аса зор. Арғы жерде ата-бабаларымыздан мұра болып жеткен музыкалық-эпикалық дәстүрден көз жазып қалмас үшін оны үнемі дамытып, жетілдіру қажет болады. Осы мақсатта профессор А. Алматовтың мұрындық болуымен «Дәстүрлі музыкалық өнер» мамандығының ашылуы жолындағы еңбегі ерен.

Қазақ халқының ауыз әдебиетінің орасан зор қазынасына қомақты үлес болып, халық ақыны Тұрмағамбет Ізтілеуовтың «Шахнама-Рүстем-Дастан» атты екі томдық кітабы қосылды. Тұрмағамбет Ізтілеуовтың бұл ерен аудармасын халыққа жеткізу үшін белгілі ғалымдар Ә. Асқаров, Р. Бердібаев, И. Жеменей, Т. Қоңыратбаев, Е. Раушановтар өз үлестерін қосты. Бұл дастанды әзірлеген кезде белгілі өнертанушы марқұм Мардан Байділдаевтың еңбегі негізге алынып дайындалды.

Жыраулық дәстүрді жалғастыруда, оны келесі ұрпаққа насихаттауда Қызылорда облысының аудандарынан ашылған жыр мектептерінің алатын орны ерекше. Міне, осындай мақсатта ашылған Нұртуған мектебі жайлы Берік Жүсіпов «Мырзатастағы жыр мектебі» кітабында Нұртуғанның жырларына, шығармашылығына тоқталып өтіп, Нұтуған мектебінің Жәмет, Дәрікүл сияқты ірі өкілдерінің шығармалары, жыр-дастандары, Құлжан, Смағұл, Әбілхан ақындардың өлең-жырлары талданады, олар жөнінде қызықты деректер келтіреді.

Сан ғасырлық тарихы бар жыраулық дәстүрді жыр сүйер қалың қауымға насихаттау жолында, мақам саздарды таза күйінде жеткізу үшін, нотаға түсіру бағытында еңбек етіп жүрген Төлепберген Тоқжановты айтар едік. Оның «Сырлы сарын», «Аталар аманаты», «Даланың даналық дәстүрі» атты еңбектері жарыққа шықты. Бұл еңбектеріне жырау А. Алматов болашақ жырауларды жоғарғы оқу орнында дайындау үшін оқу құралы ретінде жоғары баға берді. «аталар аманаты» жинағы Сыр бойында сақталған. Оғыз мәдениетінен келе жатқан жыраулық дәстүрінің маңырама үлгісін зерттеуші доцент Жұмабек Аққұловтың орындауымен орындауымен жарыққа шықты. Сонымен қатар Б. Оспанов өзінің «Дад» дастаны және музыкалық-эпикалық дәстүр деген кітабында Сыр бойының жыраулық дәстүрі, оның көркемдік, стильдік ерекшеліктері «Дад» дастанының шеңберінде қарастырды. Тағы бір қуанарлық жайт – «Арыс» қорынан шығып жатқан «Сыр сүлейлері» сериясымен жарық көріп жүрген

кітапта Сыр сүлейлерінің өмірі мен шығармашылығы, қазіргі таңдағы ұрпақтары және көрнекті зерттеушілері енгізілген.

Жыраулық дәстүрмен күйшілік өнеріміздің жиналуы мен зерттелуіне арналған әдебиеттер мен мақалаларды қарастырғанымызда төмендегідей түйінге келдік. Асыл мұрамыздың жоғалып өшіп кетпеуіне еңбек сіңірген мерзімді басылым беттерінде мәселе көтеріп, жанашырлық танытқан жазушы, журналистеріміздің еңбегі ересен ерен. Жыраулық дәстүрдің сақталуына, жиналуына еңбек сіңірген ерекше тұрған белгілі ғалымдар Сырдың жыраулық дәстүрінің жиналуы мен зерттелуіне төмендегідей жіктеу жүргізуімізге де болады.

Филолог, фольклорист ғалымдар ел аузында жүрген Сыр жерінің жыраулық поэзияның нұсқаларын жинақтап баспа бетінен жариялауы (жыраулардың еңбектері, т.с.). Жыраулық дәстүрдің түрлі мақам-саздарға құрылатыны баршамызға аян. Сол мақам-саздардың бірнеше үлгілерін нотаға түсірген кәсіби музыкант мамандардың еңбектерінің жарық көруі. Жыраулық дәстүр үлгілерін филологиялық тұрғыдан талдау жасап өзіндік ерекшеліктерін ғылым аясында анықтаған ғалымдар еңбектері.

Осы сияқты Сыр жерінің күйшілік дәстүрінің жинақталып, зерттелуіне де қатысты жіктеу жүргізуімізге болады. Мерзімді басылым беттерінде мақалалар түрінде және кітап үлгісінде күйшілердің өмір деректері мен күй аңыздарына қатысты еңбектер жариялаған жазушы, журналистер. Күйшілердің өмір сүрген уақытындағы саяси әлеуметтік мәселелерді, өмір жолын, күй аңыздарын, кейбір күйлерді ноталық нұсқауларын жариялауда фольклористермен кәсіби музыканттардың еңбектері. Сыр күйлерінің Қазақстанның өзге аймағындағы күйшілік дәстүрлерден айырмашылықтарын, өзіндік стильдік ерекшеліктерін анықтап, этномузыкалогия ғылымы аясында теориялық талдау жүргізуге еңбектер.

Біздің ойымызша жоғарыда келтірілген фольклорист, филолог, өнертанушылардың еңбегі орасан зор. Мәдени мұрамызды сақтап болашақ ұрпаққа жеткізудегі еңбектері айрықша. Алайда осы жұмыс барлық зерттеушілеріміздің еңбектеріне толық баға берді деген ойдан аулақпыз. Сол себепті осы тақырыпты әлде де жетілдіреміз деген ойдамыз.

Әдебиеттер тізімі

1. История музыки средней Азии и Казахстана. – М.: Музыка – 1995.– 360 б. 82-92 б.
2. **Жұбанов, А.** Ән-күй сапары – Алматы, 1975
3. **Жұбанов, А.** Ғасырлар пернесі. – Алматы, 1975. –280 б.
4. **Аманов, Б.** Терминология как «знак» культуры // Советская музыка. – 1985. – № 7. – с. 70-74.
5. **Есенұлы, А.** Күй – Тәңірдің күбірі. – А.: Дайк-Пресс, 1996.
6. **Успенский, В., Беляев, В.** Туркменская музыка – Алматы, 2003. –бб. 94-96.

References (transliterated)

1. Istorîâ muzyki srednej Azii i Kazahstana. – М.: Muzyka – 1995.– 360 b. 82-92 b.
2. **Žubanov, A.** Ān-kùj sapary – Almaty, 1975
3. **Žubanov, A.** Ġasyrlar pernesi. – Almaty, 1975. –280 b.
4. **Amanov, B.** Terminologiâ kak «znak» kul'tury // Sovetskaâ muzyka. – 1985. – № 7. – s. 70-74.
5. **Esenұly, A.** Kùj – Tãnirdiñ kùbiri. – А.: Dajk-Press, 1996.
6. **Uspenskij, V., Belâev, V.** Turkmenskaâ muzyka – Almaty, 2003. –bb. 94-96.

Автор туралы мәлімет:

Омаров Е. – Қызылорда музыкалық колледжінің «Дәстүр өнері» бөлімінің оқытушы.

Сведения об авторе:

Омаров Е. – педагог отделения «Традиционной музыки» Кызылординского музыкального колледжа имени Казангапа.

Information about the author:

Omarov E. – teacher of the department of «Traditional Music» at Kazangap Kyzylorda Music College.